

**Абилдаева Джылдыз Бақаевна 8D080100 – «Агрономия»  
Білім беру бағдарламасы бойынша PhD ғылыми дәрежесін алу  
үшін ұсынылған "Қазақстанның онтүстік-шығыс жағдайында  
асбұршақтың жаңа сорттарының сорттық технологиясын  
әзірлеу" тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми  
көңесшінің  
ПІКІРІ**

Ауыл шаруашылық дақылдарын өсірудің аймақтық технологияларын жетілдіру бағыттарының бірі - технологиялық әдістердің ресурстарын барынша арттыратын және өсірілген сорттардың тұрақты жоғары өнімділігін қамтамасыз ететін сорттық агротехниканы әзірлеу. Қазақстанда асбұршақ дақылдарын өсірудің негізгі бейімделу технологиялары әзірленген. Алайда жаңадан шыққан сорттардың таралу аймағы мен өзгеретін ауа-райы-климаттық жағдайларына байланысты сорттық технология элементтерін нақтылау қажеттілігі туындауда.

Осыған байланысты Дж.Б.Абилдаеваның диссертациялық жұмысы сорттық технологияның оңтайлы параметрлерін — себу нормаларын, егу схемаларын және минералды тыңайтқыштарды қолдану дозаларын анықтау бойынша өзекті мәселелерді, яғни өндірістік жағдайда максималды өнімділікке қол жеткізу үшін бұршақтың жаңа сорттарын (Ақсары және Жасыл) сорттық технологиясын әзірлеуге арналған.

Докторант Джылдыз Бақаевна ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында, сондай-ақ Logineko компаниясында (Нови Сад қ., Сербия) шетелдік тағылымдамадан өту процесінде асбұршақ дақылын егу және себу нормаларын, мерзімдерін зерделеу бойынша далалық жұмыстарға қатысты, сондай-ақ асбұршақтың негізгі шаруашылық - күнды белгілері мен қасиеттерін бағалау бойынша зертханалық жұмыстарды жүргізді.

Тағылымдамадан өту барысында алынған білім мен практикалық тәжерибелер диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша жүргізілетін зерттеулер процесінде сәтті қолданылды және оның нәтижелері диссертацияға негіз болды. Алынған эксперименттік мәліметтер негізінде агротехникалық іс-шаралардың ғылыми негізделген жүйесі жасалды.

Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер тізімінен тұрады. Диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастығы ғылыми зерттеу тақырыбына сәйкес келеді.

Жұмыстың негізгі нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда 4 мақала түрінде жарық көрді. Оның ішінде: 3 мақала ҚР БФМ-нің ғылым саласындағы бақылау комитетінің

тізіміне енген, 1 мақала Scopus базасында тіркелген журналында жарияланды.

Докторант Абильдаева Дж.Б. зерттеу жұмыстарын орындауда аса мүқияттылық танытты. Сонымен қатар ізденуші ретінде де жұмыс атқаруға дайындығын көрсетті. Зерттеу жұмыстары өзінің қатысуымен жүргізді және тәжірибелік зерттеу жұмыстарын толық меңгерген.

Абильдаева Джылдыз Бақаевна "Қазақстанның оңтүстік-шығыс жағдайында асбұршақтың жаңа сорттарының сорттық технологиясын өзірлеу" тақырыбындағы диссертациялық жұмысы аяқталған, дербес ғылыми жұмысы болып табылады. Өзектілігі, жаңалығы және мазмұны бойынша 8D080100 - "Агрономия" мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Дж. Б. Абильдаеваның диссертациясын университеттің диссертациялық кеңесінде ашық қорғауға ұсынамын.

**Ғылыми жетекші, Қазақ ЕжӘШГЗИ  
Бас ғылыми қызметкері, а.ш.ғ. докторы,  
профессор ҚР ҰҒА құрметті  
академигі**

С.Б. Кененбаев



01.04.2025 №.